

# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан білім жолында» атты интерактивті дәрісін барлық жастар, студенттер, ұстаздар қауымы зор ықыласпен тыңдады. Бұл дәріс – тыңдаушылардың барлығына да үлкен серпін беріп, келешекке деген зор сенім ұялатты, жастардың болашағына жол ашты. Дүниенің кілті, жетістіктің негізі – білім, ғылым екендігін айғақтай отырып, Ел Президенті жастардың алдағы уақытта атқаратын міндеттерін де саралап берді.

Қазақстанның өсіп-өркендеуінің кілті жастарда. Ел дамуының жаңа кезеңі мен тәуелсіздігіміздің үшінші онжылдығында білімді, тәрбиелі, өнегелі жастарды қалыптастыру тәуелсіз мемлекетіміздің өркен жаюының негізі екендігін де Елбасы баса айтты. Президент дәрісінде елімізде құқықтық білімді, сана мен тәрбиені, одан әрі өмір талабына сай жетілдіру қажеттілігі баса айтылды.

Конституцияға сәйкес, Қазақстан Республикасы демократиялық зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет.

Құқықтық мемлекеттің негізгі атқаратын қызметі қоғамдық өмірдің барлық салаларын заң, әділетті құқық нормасымен ретке келтіру, басқару, қызмет көрсету салаларында заң талаптарын басшылыққа ала отырып, адам, қоғам, мемлекет мүддесіне адал қызмет ету болып табылады.

Өйткені, құқықтық норма – әділет жолы, адам, қоғам, мемлекет мүддесінің үйлестірушісі, заңдылық пен демократияның даму негізі. Осыған орай, Президент дәрісінде Қазақстанның өркендеуі, гүлденуі, дүние жүзінде алдыңғы қатарлы мемлекет санатында көріну үшін құқықтық сауаттылықты, тәрбиені, сананы жетілдіру қажеттілігіне басты назар аударылғаны баршаға аян. Өйткені, еліміздің әрбір азаматы өз құқығын, бостандықтарын, міндеттерін білуі тиіс, әрбір азамат құқық нормаларын, заңдылық талаптарын берік ұстануы керек. Сонда ғана мемлекетіміз саяси, экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан дамып, тәртіп нығаяды.

Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық тәрбие әрбір азаматтың қалыптасуының, өсіп-жетілуінің басты қағидасына айналуы тиіс.

Құқықтық сана дегеніміз – тұлғаның қолданыстағы немесе қабылданатын құқық нормаларына деген көзқарастары мен сезімдерінен, оларға тиісінше баға беру мүмкіндіктерінің жиынтығы.

Бұдан құқықтық сананың негізінен құқықтық психология және идея жиынтығынан құралатынын көреміз. Өйткені, құқықтық психология қолданыстағы құқық нормаларын жетілдіруге, жаңа құқықтық нормаларды қабылдау қажеттілігінің деңгейін, сезімін білдірсе, құқықтық идея құқықтық сананың өз дәрежесіне көтерілуінің нәтижесінде адам, қоғам, мемлекет мүддесі үшін қажетті құқық нормаларының қабылдану қажеттілігін білдіреді.

Құқықтық сана сезімнің басты мақсаты – адам, азамат, қоғам мүддесіне сәйкес келетін, олардың мүдделерін қанағаттандыратын құқықтық нормаларды ортақ игілік үшін қабылдау қажеттілігінің негізгі бастамашысы болып табылатындығында. Құқықтық мәдениет болса құқық нормаларын білу, толық түсіну, оларды басшылыққа ала отырып адамзаттың ортақ мүддесіне қызмет істеуді білдіреді.

Құқықтық мәдениет құқықтық сана сезіммен тығыз байланысты және содан негіз алып дамиды, жетіледі. Субъектінің өзінің іс-әрекетінде құқық нормаларын басшылыққа алуы оның құқықтық мәдениетінің ерекшелігін, дәрежесін білдіреді.

Құқықтық тәрбие – қоғам мүшелерінің құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастырудағы мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың іс-әрекетінің көрінісі болып табылады. Мемлекет неғұрлым құқықтық тәрбиеге ерекше мән берсе, құқықтық сана, құқықтық мәдениет, құқықтық білім биік дәрежеден көрініс табады. Өйткені, құқықтық сана, мәдениет, құқықтық ғылым – тәртіптің қайнар көзі, бастауы.

Тәртіп – барлық жетістіктердің қайнар көзі, негізі Президент дәрісіндегі осы айтылған идеяларды жүзеге асыру үшін не істеуіміз керек деген сұрақ туындайды. Ол үшін – отбасында, балабақшада, орта мектепте, жоғары оқу орындарында құқықтық тәрбие, білім беруді заман талабына сай жетілдіру қажет. Әрбір отбасы бала тәрбиесінде дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының тиімді жақтарын ұрпақтар санасына сіңіріп, оларды заңды құрметтеуге,

әділеттікке, турашылдық жолға түсетіндей етіп тәрбиелеуі қажет.

Ол үшін жас ұрпақтарымыз ежелгі қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрып, заңдарын, пайдалы мақал-мәтелдерін, билердің әділ билігін, қоғамда орын алған қыз айттыру, қыз ұзату, құда түсу, құда сыйлау сияқты дәстүрлерді білгені жөн. Қазақ қоғамында өмір сүрген әрбір азамат осы жөн-жобаларды басшылыққа алып, оның қағидаларын құрметтеп, орындай отырып, даму жолына бет бұрған.

Осыған орай, жас заңгерлерге кейбір атақты ғұламалардың пікірлерін, билердің әділ тұжырымдарын, салт-сана, дәстүрлерін білу – олардың парызы деп санаймыз. Нағыз билер «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», – деген әділетті тұжырымға тоқтаған. «Тура биде туған жоқ, тутанды биде иман жоқ» деген ұлағатты ұстанымды да билер басшылыққа алған, әділдік пен шындықты, адалдықты пен турашылдықты өз істерінің басты қағидасы ретінде қарастырған да билер. Олар ел татулығын, бірлігін басты назарда ұстаған. Халық арасында «елдестірмек елшіден, жауластырмақ – жаушыдан» немесе «елшісіне қарай елін таны» деген ұлағатты сөздер билердің мемлекетаралық дипломатиялық істермен де айналысқанын дәлелдейді. «Арманның жолы қикалаң, адамның жолы төте еді, жақсы-жамаң әркімнің басынан бір өтеді, араздаспай дауласпай тату жүрсен не етеді?! Ынтымағы бар болса, бұл дүниенің қызығы бәріне түгел жетеді» – деген екен ежелгі сақ заманының бір биі. Би атауы, мұндай атаққа жету – ұлы мәртебе болған. Бұл тұрғыда: Ш.Уәлихановтың: «Би атағын беру қазақта халық тарапынан сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған өкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар, тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болған. Би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған» – деген ұлағатты тұжырымынан би – халықтың көкейіндегісін айтқан, жарыққа шығарған әділет жокшысы екенін танимыз. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұов: «Әділ билердің қолындағы билік – қазақтың неше түрлі дертін жазатын жақсы дәрі еді», – деп қорытындылады. Өз халқының көкейіндегісін айтқан, әділеттікті ұстаған – тура жолдан таймаған, шешендік, көсем сөздері әлі күнге дейін жоғары бағаланатын қазақтың атақты билері Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке билер.

## ТӨЛЕ БИ

Төле өмір сүрген заман қазақ халқы басынан небір қиын кезеңдерді өткерген түс еді. Осы кезде ол әрдайым халқының қасынан табылып, көк найзаның ұшымен де, қызыл тілдің күшімен де туған даласын жатжұрттық басқыншылардан қорғауға белсене қатысқан.

Ел арасында «Төле би айтты» дейтін шешендік сөз үлгілерінің бір төркіні былай болып келеді. 1740 жылы қалмақ билеушісі Қалдан Цереннің қолшоқпарлары Ұлы жүздің ханы Жолбарысты өлтіреді. Төле би бастаған ел Ташкенттен қулады. Жау жағы Ташкентке Қоқым манапты әкімдікке тағайындайды. Бұл кезде Сыр бойы қалаларының біразы жоңғарлардың қол астында қалады. Осы тұста Күлтөбенің басында үлкен жиын ашылып, оған ел басылары түгел жиналады. Сонда Қарабек батыр: «Жауға тізе бүгуден басқа амал жоқ» деген пікір айтады. Қарабекке ашуланған Төле би:

– Атадан ұл туса игі,  
Ата жолын қуса игі,  
Өзіңе келер ұятын,  
Өзі біліп тұрса игі,  
Жаудан бұққан немені,

Ортасынан қуса игі, – деп шырық бұзғандарды жиынан қудырып жібереді. Содан соң айнала-сындағыларға қарап:

– Уа, көсіле шабар жерің бар,  
Ту көтерген ерің бар.  
Қол боларлық елің бар,  
Атадан қалған сара жолың бар.  
Құлдық ұрсаң дұшпанға,  
Арылмайтын сорың бар...  
Құлдық ұрсаң дұшпанға.  
Еркек болып туды деп,

Мына сені кім айтар? – деп толғайды. Төленің осы төрелік сөзін өзгелер түгел құп алып, жауға қарсы күш біріктіріпті деседі.

## ҚАЗЫБЕК БИ

Қазыбек биге бір адам: «Кім жақын, не қымбат, не қиын?» деген үш сұраққа жауап беріңізші деп қиылып отырып алыпты. Сонда Қазыбек былай деп жауап қайтарған екен:

– Тату болса, ағайын жақын,  
Ақылшы болса, апайың жақын.  
Бауырмал болса, інің жақын.  
Алдыңа тартқан адал асын,  
Қимас жақын қарындасың.  
Сыбайлас болса, нағашың жақын.

Адал болса, досың жақын,  
Еркелейтін немерең жақын.  
Өз ұрпағың – шөберен жақын.  
Жан серігің жас кезіңнен  
Бәрінен де әйелің жақын.

\*\*\*

Алтын ұяң – Отан қымбат,  
Құт-берекең – атаң қымбат.  
Аймалайтын анаң қымбат,  
Мейірімді апаң қымбат.  
Асқар тауың – әкең қымбат.  
Туып, өскен елің қымбат,  
Ұят пенен ар қымбат,  
Өзің сүйген жар қымбат.

\* \* \*

Арадан шыққан жау қиын,  
Таусылмайтын дау қиын  
Шапышқылаған сөз қиын,  
Дәл осындай жағдайда,  
Пана болмас өз үйін.

Жазылмаса дерт қиын,  
Іске аспаған серт қиын.  
Ақылыңнан адасып,  
Өзің түскен өрт қиын.  
Не істеріңді біле алмай,  
Ашиды сонда бас, миың.

### ӘЙТЕКЕ БИ

Бір аңызда Төле би мен Қаз дауысты Қазыбек ертеректе өлген бір кісінің құныш даулап Кіші жүзге келеді. Дау бірнеше күнге созылып, екі жақ келісс алмайды. Бір күні есік жакта отырған бір жігіт:

– Асқар тау, сенде бір мін бар – асу бермейсің,  
Тасқын су, сенде бір мін бар – өткел бермейсің.

Билер, сендерде бір мін бар – басқаға сөз бермейсің, – деп орнынан тұрып кетеді.

– Шақыршы, анау кара жігітті, – дейді Қазыбек.

Жігітті шақырып келген соң:

– Шырағым, қай баласың, аты-жөнін кім? – дейді билер.

Әкемді сұрасаңыз – жетесіз,

Шешемді сұрасаңыз – некесіз.

Туа салған бір баламын,

Тегімді сұрап не етесіз? – дейді жігіт.

– Балам, сөзің жетті, енді төрелігін айтып, осы дауға өзін ие бола ғой, – дейді Төле би.

Сонда кара жігіт түрегеліп тұрып:

– Алты атасын аркалап жүргенді сіздерден

көрдім, жеті атасын жетектеп жүргенді сіздерден көрдім. Ескіріп кеткен дау екен. Құр қайтсаңдар, ағалық назарларыңызға қалармын. Ердің құны жүз кара ғой. Кіші жүз сапын жүзге толтырып тайынша, торпақ берсін, соған разы болыңдар, – дейді.

Екі жағы да осы төрелікке тоқтап, разыласып тарайды. Бұл – Әйтекенін жігіт шағында айтқан бір төрелігі екен.

Мәскеудің әскери тарихи мұрағатында Путищев деген губернатор кеңесшісінің хаты сақтаулы (990 қор, 2-ші хаттама). Өз хатында Путинцев қырғыз-қайсақтар жайлы, олардың 1820 жылға дейінгі қолданыстағы заңдары туралы маңызды мәліметтерді көрсеткен. Осы тарихи құжат негізінде «Жас қазақ» газетінде 2010 жылы 6 желтоқсанда тарих ғылымының докторы Болатбек Нәсеновтың «Қазақ соты» деген тақырыппен өте өзекті мақаласы жарық көрді. Осы мақалада кісі өлімі, ұрлық, төбелес сияқты іс- әрекеттерге құқықтық анықтама беріліп, сот ісін жүргізудің тәртібі көрсетілген. Мысалы, осы мақалада сот ісін қарау туралы мынадай қызықты мәліметтер келтірілген.

Егер талап етушінің дәлелі болса немесе күмәнданса, соттың қай болыста өтуін талап етуге құқығы бар. Ол қылмыскердің немесе қылмыскер болуы мүмкін деген адамның тұратын жерінде өткізуді талап етсе, онда ол өзі жауап береді немесе руынап бір білімді адам соттың алдында сөйлеуі керек. Осындай жағдайда сот төмендегідей тәртіппен өтетін болады:

Соттың болуын талап етуші басқа болыстардан үш биді (сотты) сайлайды. Олар екі жаққа да туыс болмауы керек. Тіпті, құдандалық қатынастары да болмауы шарт. Жауап беруші үшеуінің біреуін таңдап, онымен бірге сот болуын сұраушыға барады.

Істі қараған кезде шынын айтпаса, би жауап берушілердің туыстарынан ант алады. Олар іске араласпайды. Жауап берушіге уақыт белгіленеді. Ант беруге сотты жүргізуші талап еткендерді белгілейді. Егер талап ету 3 бастан кем болса – бір жақсы адам, үш бастан 6 басқа дейін болыстан 2 адам ант беруге келеді. Оларды жауап беруші белгіленген уақытта әкелмесе, онда міндетті түрде талап еткен құнды төлеуге тиіс. Ол кезде құнды жауап берушіден ғана емес, істің жауаптылығына байланысты бүкіл болыстан өндіреді.

Ант бергенде олар құранды пайдаланады. Бірақ, оны оқи білмегендіктен және салт бойынша қылмыстыны әкеліп, оны көр сияқты кішкентай ұраға тұрғызады. Ол оған өлім сағатының және алдағы өмірін көз алдында елестетеді.

Ант берген куәлері де дәл сондай жағдайда болады.

Қылмыс жасаушымен туысқандық қатынастары бар адамдар да оның жасаған қылмысын білулері керек. Қылмысқа өзінің ешбір қатысы болмаса да.

Сол себепті ант қабылдаушы ретінде бұл адамдарға қатынасы жоқтар тағайындалады. Олардың тәртіптеріне, сайлаған адамдарына сенімдерінің теңдігіне байланысты болады. Белгілі уақыт ішінде істермен танысып, анық-қанығына жетіп, шындығын білуге тырысады.

Ант беруге әкелген кезде ол үшін дайындалған көрге ұзын жүнді көмеді. Оның шетіне қағаз матаның қалдығын байлайды. Оны – боз деп атайды. Ондай бөзді шын көрге де дайындайды. Одан кейін көрдің ортасына жағылған от арқылы ант бергендерді өткізіп, қыздырылған мылтықтың түбін сүйгізеді, ал, кейде көрді үш рет айналып өтіп, «шындықты айтамын» дегізіп, көрге бас игізеді. Жауапталушы әділетсіз болса да, сезіктенген адамын ант беруге тағайындайды. Сондай-ақ, ең қадірлі, құрметті туысын да құдай алдында ант беруге шақырып, оларға келетін күні мен баратын жерін белгілейді. Егер де олар белгіленген мерзімде келмесе, онда сұрап отырған адамның сот алдындағы сұрауының күші жойылады, ал, жауап беруші құн төлеуден босатылады. Ант беруге олардың біреуі келмесе де, солай болады.

Жауап беруші де, оларды жауапқа тартуды талап етуші де істің шындығын айтады деген ниетпен ант берудің тазарту рәсімінен өтеді. Олай болмайынша, ешкім де іске кіріспейді. Қырғыздар ант беруге көбінесе жалғыз балалары барларды немесе абыройлы туыстарын тағайындайды. Өйткені, олар шындықты ғана қалайтындықтан, қалайда куә болмауға тырысады. Ал, бола қалса, тек шындықты айтады, өйткені, ол өтірік айтса, қарғысқа қаламын деп қорқады.

Талап етуші істің жартысы қанағаттандырылмаса, соның өзіне риза болады. Өйткені, арадағы айтыс тым ұзаққа созылады.

Дүние мүлкінен айырылғандар енді оны зорлық жолымен қайтарып алуды ойлайды. Ол малын айдап әкету деген сөз (бізше, ол ұрлық немесе тонау деп аталады). Бір өзінің қолынан келмесе, бұл істі орындау үшін туыстарын көмекке шақырады. Егер іс сәтті аяқталса, табысты олармен бөліседі. Бірақ, көпшілігін өзіне қалдырады.

Ант беруге шақырғанда айдап кеткен малды дәлелдей алса, онда ұрланған атқа заң бойынша үш тоғыз бас немесе 27 жылқы төлейді, ал барымтамен айдап әкеткен жағдайда; 100 сом тұратын жылқыға 3-4 немесе бес жастағы жылқы беріледі. Ант беруші әділетті болды делінеді. Ал, араларында дау болса, онда мәселе шешілген жоқ деп есептеледі. Екі жағына ант берген адам құдайсыз, әділетсіз болды дейді.

Жауап беруші өзін жазықсыз қылмыскер деп сезік тудырса, оны арам оймен жасады деп айыптайды.

Малды айдап әкелгендер ең жақсыларын, құндыларын сатып жібереді немесе тығып қояды. Оны әртүрлі себептермен өліп қалады деп жалтарады. Ұрыны халық жек көреді, лагнет атқан деп есептейді. Ал, барымтамен әкелінген малды олардың пысықтығы деп есептейді.

Кісі өлімі үшін қылмысты жағынан ант алмайды, оны айыптаушы жағынан алады. Өйткені, кісі өлтіру өте жауапты қылмыс болып есептеледі. Айыпталушы әр уақытта өзін ақтауға тырысады. Бір қарағанда сырт адамға оныкі дұрыс сияқты көрінуі мүмкін. Осындай жағдай болмас үшін сол елге белгілі, беделді, әділетті адамдардан төрт адамға ант беру жүктеледі.

Осы сияқты қызықты құнды тарихи мәліметтер өзінің зерттелуін күтіп тұр. Жалпы, біздің ел аумағында тасқа қашалып жазылған, ешкім өшіре алмаған сөздер бар. Оны кешегі тотаритарлық жүйе, саясат дауылы да өшіре алған жоқ. Біз қазақ болып аталғанымыздан әрірек дархан даламызда даңқы асқап Сақ, ол ыдырағаннан кейін салтанат құрған Ғұн мемлекеті, одан соң Түрік қағанаты, Алтын Орда және Қазақ хандығы бәрі де өз алдына тәуелсіз ел болуды армандады. Туған елдің тәуелсіздігі үшін жанын пидә қылып, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен Отанды жаудан қорғаған, ұрпағы үшін жан берген батыр бабаларымызды, билерімізді еске алып, тарихымызды тағы да бір шолып, ұлттық құндылықтарымызды, естеліктерді жаңғыртатын, жыл – 2015 жыл. Өйткені, біз 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығын арнайы атап өткелі отырмыз, егемендікті ежелден аңсаған халықтың өз тілегі орындалды. 1991 жылы Қазақстан дербес мемлекет болды, қазіргі кезде дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуға жұмыла еңбек етіп жатырмыз. Ол туралы Қазақстанның тұңғыш Президенті – Елбасы Назарбаев былай деп көрсетті:

– Дүниеде тәуелсіз Қазақ елі бар.

Әлемде егемен Қазақстан бар.

Оның көпұлтты, тату, ынтымақшыл халқы бар. Қуатты экономикасы, сенімді саяси жүйесі бар.

Ең бастысы – бүгіннен нұрлы, бүгіннен кемел болашағы бар.

Сол күнге берік сенімі бар!

Жалпы, елдігіміздің өркендеу және ұлылардың ұлағатты сөздері, өнегелі әдет-ғұрып, дәстүрлердің де қосар үлесі мол.

**Арықбай АҒЫБАЕВ,**  
заң ғылымының докторы, әл-Фараби  
атындағы ҚазҰУ-дің профессоры